


Шәмші – қазақ вальсінің королі

Тау алыстаған сайын зорая түсетіні сияқты Шәмші әндері де қанша дәуір алмасса да өз маңызын жоймайтыны хақ. Биыл қазақ даласын әнімен тербел, көзі тірісінде-ақ анызға айналып, халықтың сүйіспеншілігіне бөлеген тендессіз дарын иесі, аса көрнекті сазгер, ән жанрының әйгілі майталманы, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстанның халық әртісі Шәмші Қалдақовтың туғанына 95 жыл толып отыр.

Осы мерейлі жылға орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы балаларға қызмет көрсету бөлімінде қазақтың ұлы композиторының шығармашылық ән мұрасын насиҳаттау мақсатында «Шәмші – қазақ вальсінің королі» атты ән-думан өткізілді.

Кеш қазақ халқының өнер әлемінде өшпестей із қалдырған сыршыл сазгердің талантты қырларын танытатын бала Шәмшінің болмысы сомдалған қойылымнан бастау алды. Қаламыздың мектеп оқушыларының қатысуымен өткен



тағылымды шарада дарынды тұлғаның өнер жолындағы жетістігі мен ән өнері жайлы сыр шертетін әдебиеттерден құралған кітап көрмесі үйімдастырылып, қашан да жабырқаған көңілді жұбытып, шаттыққа бөлейтін Ш.Қалдақовтың «Арқалықтың ақ таңы», «Кешікпей келем деп ең», «Арыс жағасында», «Қайықта», «Куаныш вальсі», «Ана туралы жыр» сияқты әуезді әндері мен К. Құрманәлінің «Ән-Аға» атты әні шырқалды.

Б. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті студенттерінен құралған «Жас толқын» дүэтінің сүйемелдеуімен Шәмші ағамыздың «Дүнген қызы», «Ақ бантік», «Бақыт

құшагында» сынды әндері шебер орындалып, ән-думанның көркін аша түсті. Сондай-ақ, кеште Ш. Қалдақовтың әндеріне негізделген қызықты викториналық ойындар өткізілді.

Шараның қорытынды сөзі балаларға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Г. Сейітқожинаға беріліп, іс-шараға қатысушыларға алғыс хаттарын табыстады.

Ән көнінде жарқырай жаңып, аққан жұлдыздай із тастап өткен дара тұлғаның артында қалған өшпес мұрасы, келер үрпақтың жүргегінен мәңгі өшпейтіні сөзсіз.

Күлпара
АБДУЛЛИНА,
№2 ОӘФК
кітапханашысы